



Автор: Мурзабаева Мейрамгуль Аманбаевна
Пән: Математика
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Сандар және заңдылықтар
Тақырып: Ақша. Теңге.

сабақ мақсаттары	1.1.2.11. 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг теңгелік монеталарды тану, белгілі бір соманы монеталармен төлеу және айыра білу; Барлық оқушылар: теңгелік монеталарды таниды Оқушылардың басым бөлігі: теңгелік монеталарды бір-бірінен ажыратып сипаттайды; Кейбір оқушылар: ақшаның адам өміріндегі орнын түсініп, күнделікті- өмірде қолдана алады.
тілдік мақсат	ақша; монета; теңге.
Бағалау критерийлері	Монеталарды таниды Белгілі бір соманы монетамен төлеп ажыратады. Ақшаның не екенін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Кіріспе тапсырма. (сабақтың басы 5 минут)	Кіріспе тапсырма. Аудио жазба тыңдау Әр түрлі заттардың дыбысын ажырата отырып ішінен монетаның сылдырын анықтайды. Ақшаның не үшін керегі туралы әр оқушының пікірін тыңдап, әңгіме жүргізіледі. «Сықырлы дорба» ойыны Оқушыларға дорба көрсетіледі. “Сөмке ішінде қандай ақша жатқанын білгілерің келе ме?” деп сұрауға болады. Оқушылардың әрқайсысы дорбадан бір валютадан алады. Қолдарындағы валюта бойынша топтарға бөлінеді Оқушыларға өз топтарына “ақшаның” атын қойғызамын. Ақша деген не? Оның адам өміріндегі ролі қандай? Ақша қалай келеді?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы: (30 минут)	<p>(Ж) Салыстыру «Машаға көмек» Машаның әмиянындағы ақшаны санауға көмектес <input type="checkbox"/> Ең кіші монета қайсы және онда қай сан жазылған? <input type="checkbox"/> Ең үлкен монета қайсы? <input type="checkbox"/> 1 мен 20 сандарын салыстырыңдар; <input type="checkbox"/> Монеталарды өсу ретімен орналастыр; <input type="checkbox"/> Монеталарды кему ретімен орналастыр; <input type="checkbox"/> Машада барлығы қанша сома бар? Қ.Б. монеталар</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ең үлкен және ең кіші монетаны табады; • Ең үлкен және ең кіші монетаны салыстырады; • Монеталарды өсу және кему ретімен дұрыс орналастырады; • Монеталардың жалпы сомасын шығарады. <p>«Тез сана» (Ө) Лунтик, Кузя және Мила дүкеннен 10 теңгеге шоколад алмақшы. Оларға 10 теңгені қалай құрастыруға болатынын көрсетейік 1тг+1тг+1тг+2тг+5тг 5тг+5тг 2тг+2тг+2тг+2тг+1тг+1тг 2тг+2тг+2тг+2тг+2тг</p> <p>Қ.Б. монеталар</p> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> • Монеталарды таниды • 10теңгені құрастырудың бірнеше тәсілін біледі <p>Сергіту сәті «Орман биі»</p> <p>(Ж)«Ойлан,тап» ойыны Дара мен Ботиды Алаяқ алдап ақшасын тартып алмақшы. Дарада 25 теңге болған екен, ал енді 15 теңге қалды. Алаяқ қандай монеталарды алып кетуі мүмкін? Жарайсыңдар, балалар! Олай болса барлығымыз «Алаяқ, ұрлама!» деп айтайық. (Алаяқ ақшаны қайтарады)</p> <p>Қ.Б. монеталар</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Негізгі сомадан қалған ақшаны азайтады • Ұрланған ақшаның сомасын табады 	
Сабақтың соңы: (10 минут)	<p>(Т)«Дүкенге барамыз» Сабақ бойы жинаған монеталарына берілген суреттерден бағасына қарай зат таңдайды.</p> <p>Қ.Б.монета</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Монеталардың жалпы сомасын шығара алады; • Қолындағы сомаға сәйкес өзіне қажет затты таңдайды 	